

# «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирін өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирін өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды (бұдан әрі – Турнир).

2. Турнирдің мақсаты: республика оқушыларының арасында мектептік дебаттық қозғалысты дамыту және насихаттау, мектептегі дебаттық қозғалысты дамыту және қолдау.

3. Турнирдің міндеттері:

1) білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

2) қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

3) оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатыстылық сезімін қалыптастыру;

4) жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, қосымша білім беру педагогтерінің балалар мен жастарды өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жандандыру;

5) оқушылар арасында интеллектуалды жарыстар мен конструктивті пікірталастарды насихаттау, дебаттық клубтар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету.

4. Ұйымдастырушылар төрешілер алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

## 2. Турнирді өткізу уақыты мен орны

5. Турнирдің республикалық кезеңі **2019 жылғы маусымда** Астана қаласында өткізіледі.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары басшыларының қолы қойылған Турнирдің республикалық кезеңіне қатысу туралы өтінім **2019 жылғы 10 сәуірге дейін** келесі мекенжай бойынша қабылданады: 000010 Астана қаласы, Орынбор к-сі, 8, ҚР БҒМ, телефоны 8 (7172) 74-22-95, e-mail: (1-қосымша).

Өтінімге қоса тіркеледі:

1) Турнирдің облыстық (қалалық) кезеңін өткізу нәтижелері бойынша білім алушылар мен жетекшісінің Турнирге қатысу үшін жолдауы туралы білім басқармасы басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) ата-аналарынан сенімхат.

### **3. Турнирге қатысушылар**

7. Республикалық Турнирге облыстық (республикалық маңызы бар қалалар үшін – қалалық) Турнирлерде – «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» оқушылардың жалпыұлттық дебаттық қозғалысы аясында жұмыс істейтін мектептегі дебаттық клубтардың жеңімпаздары қатысады.

8. Республиканың дебаттық клубтарының Турнирі екі кезеңмен жүргізіледі:

1) **бірінші кезең** (іріктеу) – **өңірлік:**

**мектепішілік** Турнир;

**аудандық (қалалық)** Турнир;

Турнирдің өңірлік кезеңдерін өткізу мақсатында облыстық білім басқармалары құрған Ұйымдастыру комитеттері өткізеді.

Турнирдің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармаларының басшыларының бұйрығымен анықталады.

Республиканың жалпы білім беретін мектептердегі және қосымша білім беру ұйымдарындағы дебаттық клубтар мектепішілік турнирлер (2-қосымша) күнтізбесіне сәйкес мектепішілік турнирлерді 2018 жылғы 1 қазан – 30 қараша аралығында өткізеді.

Мектепішілік Турнирлердің нәтижелері бойынша жоғары балл жинаған Командалар аудандық (қалалық) турнирлерге қатысады. Аудандық (қалалық) турнирлерді өткізу мерзімі 2018 жылғы 1 желтоқсан – 2019 жылғы 31 қаңтар аралығы.

(Мектепішілік Турнирлердің нәтижелері бойынша жоғары балл жинай алмаған командалар аудандық (қалалық) турнирлерге қатыспайды, дебаттық клубтың жұмыс жоспарына сәйкес өз қызметтерін жалғастырады).

Облыстық турнирлерге аудандық (қалалық) турнирлердің жеңімпаздары қатысады. Облыстық турнирлер және республикалық маңызы бар қалалардың дебаттық клубтарының турнирлері 2019 жылғы 1 ақпан - 31 наурыз аралығында өткізіледі.

9. Республикалық Турнирге облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың аудандық деңгейлеріндегі Турнир жеңімпаздары – республиканың жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Республикалық Турнирге қатысушылардың саны: **221 адам** (әр өңірден 13 қатысушыдан құралған команда: оның ішінде **12 білім алушы және 1 жетекші** (команда жаттықтырушысы).

Балалардың республикалық Турнирге қатысуы туралы Білім басқармасының бұйрығы облыстық (республикалық мәні бар қалалар үшін – қалалық) әділқазылар алқасы шешімі негізінде шығарылады.

10. Турнирді өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары анықтаған топ жетекшісіне жүктеледі.

11. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттары болуы керек:

1) облыстық (қалалық) Турнир кезеңінің қорытындысы бойынша білім алушылар мен топ жетекшісін Турнирге қатысу үшін жолданғаны туралы білім басқармасы басшысы бұйырығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы, телефоны, номинациясы, жұмыс тақырыбы, топ жетекшісінің аты-жөні, қызметтік лауазымы, ұялы телефоны);

3) барлық қатысушылардың және топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттар (төлқұжат), туу туралы куәліктердің көшірмелері;

4) білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталған фотосуреті бар анықтама;

5) топ жетекшісінің іссапар куәлігі.

#### **4. Турнирді өткізу шарты және тәртібі**

11. Турнирдің өңірлік кезеңдерін өткізу бойынша Ұйымдастыру комитеттері Турнирді өткізу шарты мен тәртібін өз еріктерімен анықтайды.

Турнирдің өңірлік деңгейі (мектепішілік, аудандық (қалалық), облыстық (республикалық маңызы бар қалалар үшін – қалалық) қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

12. Республикалық Турнир келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

1) орта жас тобы – **13-15 жас** (7-9 сыныптардың білім алушылары);

2) жоғары жас тобы – **16-17 жас** (10-11 сыныптардың білім алушылары).

13. Республикалық турнир интеллектуалды-пікірталас ойыны «Дебат» форматында қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі. Турнирге әр жас тобы бойынша **6 спикер** қатысады, олардың **3 спикері қазақ тіліндегі** дебатқа, **3 спикері орыс тіліндегі** дебаттарға қатысады.

14. Турнирдің Ұйымдастыру комиеті дебатқа арналған тақырыптарды кейстерді дайындау бойынша тапсырмаларды орындауды **бастауға кемінде 2 ай қалғанда** жариялайды (3 қосымша).

Республикалық Турнирдің тақырыптары бойынша хабарландыру және кейсті дайындауға қойылатын талаптар (Турнирдің республикалық кезеңіне облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың) білім басқармасы

басшысының қолы қойылған өтінімі түскеннен кейін) 2019 жылғы 10 сәуірде ақпараттық-коммуникациялық «Интернет» желісінде келесі мекенжай бойынша жарияланатын болады:

15. Турнирге қатысушы командалардың міндеттері:

дебаттың жарияланған тақырыбы бойынша ақпаратты жинастыру (статистика, дәлелдер, пікірлер, дәйексөздер және т.б.);

командадағы спикерлердің рөлін бөлу;

дебат тақырыбы бойынша жақтау және даттау позициясын ойластыру;

кейстерді құру (тақырып өзектілігі, негізгі түсініктер мен өлшемшарттарды анықтау, аргументтер – деректер, түсініктемелер, дәйексөздер, фактілер).

16. Республикалық турнир барысында командалар арасында іріктеу ойындары өткізіледі. **Іріктеу ойындарының нәтижесі бойынша жартылай финалда екі жас тобының төрт командасы (рейтинг бойынша) ойнайды.**

**Екі жас тобының жартылай финал жеңімпаздары (екі команда) финалға өтіп,** нәтижесі бойынша 1 және 2 орындары тағайындалатын ойынды өткізеді.

Жартылай финалда жеңілген екі жас тобының екі командасы ойын өткізеді, нәтижесінде екі команданың біреуіне (рейтинг бойынша) үшінші орын тағайындалады. Командалардың рейтингі тең болған жағдайда, спикерлерді бағалау өлшемшарттарына сәйкес көп ұпай жинаған команда басымдылыққа ие болады.

17. Орта жас тобындағы (7-9 сынып) барлық ойындар Карл Поппер форматы бойынша өткізіледі (4-қосымша).

Спикерлердің сөз сөйлеу уақыты: бірінші спикер – 5 минут, екінші спикер – 4 минут, үшінші спикер – 4 мин.

Жоғары жас тобындағы ойындар «Дебаттар» Мектепшілік ойындардың әлемдік форматына (WSDF) сәйкес өткізіледі (5-қосымша).

Әлемдік формат бойынша спикерлердің сөз сөйлеу уақыты – әрқайсысы (бірінші, екінші, үшінші спикер) 6 минутқа дейін, қорытынды сөз – 3 минутқа дейін. Үзіліс уақыты қарастырылмаған.

18. Турнирдегі командалардың сөз сөйлеу реті қатысушылардың келу күні жеребе тастау арқылы анықталады.

19. Облыс, республикалық маңызы бар қалалардың әр командасының киімдерінің ерекше элементтері болуы қажет: гастуктер, бас киімдер, жеңіл жейдедегі команда эмблемасы.

20. Турнирді ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітіледі.

Ұйымдастыру комитеті:

команда жаттықтырушыларына нұсқаушы семинар өткізеді;

Турнир дебатының тақырыбын дайындайды және жариялайды;

командалар жеребесін ұйымдастырады;

дебаттарды өткізу регламентін бекітеді;

Турнирдің әр ойын күні бойынша ақпаратты хабарлайды.

21. Әділқазылар алқасының құрамы тәжірибелі спикерлер, Карл Поппер және Мектепішілік ойындардың әлемдік форматындағы дебат (WSDF) әділқазылары, сондай-ақ сала сұрақтары бойынша құзырлы мамандар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, қосымша білім беру педагогтері мен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері қатарынан анықталады.

Әділқазылар алқасы ойынды тоқтату эксклюзивті құқығына ие Турнирдің басты әділқазысын анықтайды. Турнирдің басты әділқазы шешімі басқа әділқазылар нәтижесімен тең дәрежеде есептеледі.

Ойын барысында әр әділқазы мәліметтерді хаттамаға енгізеді. Әділқазылар коллегиясы ойын қорытындысын ойын аяқталған соң 10 минуттан кейін жариялайды. Бұған қоса, әділқазылар ойынға түсінік беруге міндетті емес.

Әділқазылар коллегиясы оқу тілі бойынша әр жас тобы командалар арасында жеңімпаздарды, оқу тілі бойынша әр жас тобындағы үздік спикерді анықтайды.

Әр әділқазы командалардың ойын нәтижесін команда спикерлері жинаған ұпайлар жиынтығымен анықтайды. Ұпайлар жиынтығы тең болған жағдайда әділқазы жеңген команданы бағалау өлшемшарттарына мейлінше сәйкес келетін командаға береді. Ойынның жалпы қорытындысы командаға әділқазылар алқасы берген ұпайлар санымен анықталады.

23. Үздік спикерді бағалау өлшемшарттары:

командада жұмыс жасауы;

спикердің орындайтын рөліне сәйкестілігі;

сөз сөйлеу қисыны;

сөз сөйлеу құрылымдылығы;

регламентті сақтауы;

сөз сөйлеу түрлілігі мен тереңдігі;

ұсынылатын пікірлердің дәлелділігі;

сұрақ қою қабілеті;

нақты қателердің болмауы;

сөйлеу мәдениеті.

22. Турнирде қосымша номинациялар бойынша үздік қатысушылар анықталады: «Үздік оратор», «Дебаттық креатив», «Үздік көрермен сұрағы», «Үздік төраға».

## **5. Қатысушылардың марапатталуы**

23. Турнирдің жеңімпаз командалары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Республикалық турнирде орын алмаған қатысушыларыға сертификаттар табысталады.

24. Республикалық турнир жеңімпаздарының жетекшілеріне (жаттықтырушыларына) алғыс хаттар табысталады.

## 6. Турнирдің қаржыландырылуы

25. Турнирдің өңірлік, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар кезеңдері жергілікті атқарушы органдар есебінен қаржыландырылады.

26. Жол жүру және жолда тамақтану жіберуші жақ есебінен төленеді.

27. Жетекші педагогтердің іс-сапар барысындағы жалақысы сақталады. Педагогтердің іс-сапар шығыстары жіберуші жақ есебінен төленеді.

28. Турнирді ұйымдастыру, қатысушылардың тұруы мен тамақтануы республикалық қаражат есебінен төленеді.

### *1-қосымша*

#### **«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турниріне қатысуға өтінімі**

№ р/с	Қатысушының аты-жөні (толық)	Қатысушының туған күні	Тұратын мекен-жайы (облыс, қала, ауыл, телефоны)	Білім беру ұйымы, сыныбы	Оқу тілі	Команда атауы	Жетекшінің аты-жөні (толық), байланыс телефондары
1							
2							
3							

### *2-қосымша*

#### **Мектептік дебаттық клуб қызметінің ережелері**

1. Мектептік дебаттық клубы қызметінің ережелері жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарында құрылатын дебаттық клуб қызметін реттейтін жергілікті нормативті құжат болып табылады.

2. Мектептік дебаттық клуб (бұдан әрі - Клуб) – «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы негізінде құрылып, жалпымәдени, зияткерлік, зерттеушілік, коммуникативті, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған балалардың шығармашылық бірлестігі.

2.1. Мектептік дебаттық клуб білім беру ұйымы директорының бұйрығы негізінде құрылады. Мектептік дебаттық клуб қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

2.2. Мектептік дебаттық клубындағы іс-шаралар қыркүйек айында клубтың жалпы жиналысында қабылданады және мектеп директоры мақұлдаған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.3. Мектептік дебат клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық мен нормативтік құқықтық актілерін, , сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады.

2.4. Мектептік дебат клубының қызметі жариялылыққа, ашықтыққа, әрбір мүшесінің пікірін ескеруге, мәселелерді еркін талқылауға, ұжымдық шешімдер қабылдау қағидаттарына негізделеді.

2.5. Мектептік дебаттық клубы әкімшілікпен, мектеп мұғалімдерімен, қосымша білім беру мұғалімдерімен және аймақтық дебаттық клубының жетекшілерімен өзара тығыз байланыс жасайды.

2.6. Мектептік дебат клубтарының жұмысының негізгі нысаны - мектепшілік дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу.

2.7. Мектепшілік дебаттық турнир Карл Поппердің және саяси пікірталас элементтері бар Дүниежүзілік мектеп ойындарының форматы (WSDF) бойынша жүргізіледі.

2.8. Клубтың жұмыс тілдері - қазақ, орыс тілдері. Клуб мүшелерінің халықаралық турнирлерге қатысу мүмкіндігін беру мақсатында дебаттық жаттығулар, ойындар, турнирлер, ағылшын тілінде жүргізіледі.

2.9. Дебаттың тақырыбы тұжырымдалуы нақты, талқылау үшін перспективалы, қатысушылар мен көрермендер үшін өзекті, маңызды мәселелері қамтуы тиіс, тезисті қарапайым «жоқ» деген дмеулікті сөзді қосып қана қарма-қарсы тұжырымдасама жасауға болатындай құру, командаларға сапалы аргумент ұсынуға теңдей мүмкіндік беру, зерттеу жұмысын ынталандыру, түрлі деңгейде талқылау мүмкіндігін беру қажет.

2.10. Мектептік дебаттық клубтар өз қызметін мектеп демалыстарын қоса алғанда, барлық оқу жылы ағымында іске асырады.

### **Мектепшілік турнир Клубының күнтізбесі:**

күзгі (1 қыркүйек - 30 қараша);

қысқы (1 желтоқсан - 28 ақпан);

көктемгі (1 наурыз - 30 мамыр);

жазғы (1 маусым - 30 тамыз).

**3. Мектептік Дебат клубының мақсаты:** дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы оқушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту.

### **4. Дебаттық клубының міндеттері:**

Клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;

дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;

мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;

талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;

мектепшілік, аудандық (қалалық), облыстық, республикалық дебаттық турнирлерге, семинарларға, «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың жалпыұлттық дебат қозғалысының ассоциациясының тренингтік бағдарламаларына қатысу үшін спикерлерді дайындау;

мектептік дебаттық клубтарының ойындарын дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу, апробациядан өткізу;

басқа дебаттық клубтарымен белсенді және конструктивті өзара әрекеттесу;

қазақстандық және халықаралық дебаттық қозғалыстарды дамыту және нығайту.

#### **4. Мектептік дебаттық клубының бағыттары:**

белсенді тұлғаларды өзін-өзі тану үшін жағдай жасау;

оқыту сабақтарын ұйымдастыру;

командаларды қалыптастыру және олардың түрлі деңгейдегі турнирлерге қатысуын қамтамасыз ету;

сынып командалары арасындағы мектеп турнирлерін ұйымдастыру және өткізу;

мектеп, аудан, қала, облыстық және республикалық деңгейдегі тақырыптық турнирлерге қатысу;

клубтың беделді мүшелерін марапаттау;

оқушылардың дебаттық қозғалысына қатысуы;

«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысының пікірсайыстарында тәуелсіз мектептен тыс турнирлер өткізу арқылы мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының дебаттық клубтарымен байланыс орнату және қолдау;

бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде ресми сайт арқылы мектеп пікірталас клубын насихаттау.

#### **5. Мектептік дебаттық клубының құрылымы.**

5.1. Мектептік дебаттық клубының жоғарғы органы - жалпы жиналыс. Жалпы жиналыстың құзыретіне дебаттық ережелерін бекіту, президент (басшы) сайлау, Бас төреші сайлау, мектептегі дебат клубына жаңа мүшелерді қабылдау жатады.

5.2. Жалпы жиналыс Мектептік дебаттық клубының қызметіне байланысты басқа да сұрақтарды шешуге құқылы. Мектептің дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысы, әдетте, президент (басшы) немесе Клубтың бас төрешісі арқылы шақырылады.

5.3. Клубтың мүшелерінің кем дегенде 50 пайызы оның отырысында қатысса, Жалпы жиналыстың шешім қабылдауға құқығы бар. Жалпы жиналыстың шешімі жиналысқа қатысқан мектептегі дебаттық клуб мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Жалпы жиналыстың шешімдері мектептік дебаттық клубының барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.



5.4. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі, оның ішінде дауыс беру тәртібі, жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысының кандидатураларын жалпы жиналыстың өзі айқындайды.

5.5. Жалпы жиналыста Президент (жетекші) төрағалық етеді, ол болмаған кезде - бас төреші. Жалпы жиналыстың шешімдері жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттамалармен ресімделеді.

5.6. Клуб мүшелерінің ішінен президенттің (жетекшінің) және мектептік дебат клубының бас төрешісі жалпы жиналыста бір жыл мерзімге сайланады. Президенттің және Бас прокурдың сайлауы әр жылдың мамыр айында өткізіледі.

5.7. Төраға (бас төреші) кезектен тыс сайлау өткізіледі, егер президент (бас төреші) өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыра алмаса немесе Клуб мүшелерінің кем дегенде 50% -ы бастамаса.

5.8. Клубтың кез-келген мүшесімен президент лауазымына және бас төрешіге кандидаттар ұсынылуы мүмкін.

5.9. Жалпы жиналысқа қатысқан Клуб мүшелерінің қарапайым көпшілігі өз кандидатурасын қолдаса, президент (бас төреші) сайланды деп есептеледі. Клуб мүшелерінің дауыстар тең болған жағдайда, президенттің (басты төрешінің) кандидатурасын ұсыну үшін сайлаудың екінші айналымы өткізіледі.

5.10. Клубтың президенті (бас төреші) Клубтың жаңа президентінің (бас төрешісінің) нақты сайланғанға дейін өз өкілеттігін сақтап қалады.

**5.11. Мектептік дебаттық клубының президентінің (жетекшісі) міндеттері:**

- мектептік дебаттық клубының атауы мен белгілері туралы шешім;
- жұмыс жоспарын әзірлеу, келісу және бекіту;
- дебаттық форматтарды үйрету;
- оқытудың белсенді топты және жеке түрлерін жүргізу: семинарлар, тренингтер, пікірсайыстар, рөлдік ойындар, турнирлер;
- ағымдағы қызметті жүргізу;
- клуб мүшелерін мектепішілік, аймақтық, ұлттық және халықаралық турнирлерге дайындау;
- мектептік дебаттық клубының қызметімен байланысты мәселелер бойынша педагогикалық қызметкерлердің мүшелерімен өзара әрекеттесу;
- оқу жылында кемінде 2 рет жалпы жиналыстарды өткізу;
- мектептік дебаттық клубының іс-шараларын өткізу;
- мектептік дебаттық клубының портфолиосын құру (аудио, видео және фото материалдар);
- әр түрлі іс-шараларда, соның ішінде басқа ұйымдар өткізетін мектеп дебаттық клубының тұсаукесері;
- мектептік дебаттық клубының қызметі туралы ақпарат;
- жинақталған жұмыс тәжірибесін қорыту;
- ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескере отырып, дебаттың жалпы принциптеріне негізделген ойын форматтарын дамыту;
- мектепішілік турнирлерді өткізу кезінде ойыншылардың сөйлеу тәртібі мен ережелерін анықтау;

мектептегі дебат клубының үздік мүшелерін көтермелеу туралы мектеп директорына ұсыныстар дайындау;

клубтармен, студиялармен және зияткерлік-сауық бейініндегі қауымдастықтарымен өзара әрекеттесу;

мектептік дебат клубының қызметі туралы ағымдағы және жылдық ақпаратты дайындау.

#### **5.12. Мектептік дебат клубының бас төрешісінің міндеттері:**

тренингтарды өткізу үшін тақырыптарды таңдау;

іскерлік ойындарды өткізу үшін тақырыптарды таңдау;

мектеп дебат клубының өткізетін барлық жарыстарында төрешілік ұйымдастыру және өткізу.

#### **6. Мектептік дебат клубына мүшелік.**

6.1. Мектептік дебат клубына кіру дебат қозғалысының идеяларын өз еркімен қабылдайтын жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының барлық оқушылары мен мұғалімдері үшін ерікті болып табылады;

6.2. Мектептік дебат клубының мүшесі болу үшін Клубтың Президентіне Клубқа қосылуға өтініш жазып, тиісті шешім Клубтың жалпы жиналысында қабылданады.

6.3. Пікірсайыстарға, турнирлерге, форумдарға қатысу үшін мектептік дебат клубының мүшелері топ болып бірлеседі;

6.4. Клубтың Президентіне өтініш беру арқылы немесе Клубтың мүшесі ретінде қатысуын тоқтатуына байланысты бір жыл ішінде мектептегі дебат клубында мүшеліктің тоқтатылуы іс жүзінде болуы мүмкін.

#### **6.5. Мектептік дебат клубының әрбір мүшесі құқылы:**

мектептік дебат клубының мүшелері шешуші дауыс беру құқығы бар жалпы жиналыстарға қатысу;

мектептік дебат клубының кез келген іс-шараларына қатысу;

мектептің жетекшісімен келісіп, әр түрлі дебат турнирлерінде Мектеп дебат клубын ұсынуға;

мектептік дебат клубының қызметі туралы ұсыныстар енгізу, оларды талқылауға және іске асыруға қатысу;

мектептік дебат клубының қызметі туралы ақпарат алу;

мектептік дебат клубының мүшелігінен ерікті түрде шығуға;

мектептік дебат клубының үйлестіру органдарына сайлау және сайлану.

#### **6.6. Мектептік дебат клубының әрбір мүшесі келісуге міндетті:**

нақты Ереже;

мектептік дебат клубының және оның мүшелерінің қызметін реттейтін басқа да ережелер;

мектептік дебат клубының басқа мүшелерін құрметтеу;

мектептік дебат клубының жұмысына белсенді қатысуға, іс-шараларды жоспарлауға және өткізуге;

мектептік дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысының барлық шешімдерін орындауға;

мектептік дебат клубы мүшелерінің кездесулеріне уақтылы қатысу;

Осы Ережелерді бұзатын әрекеттер, ұжымдық қатынастардың этикасы, сондай-ақ Клубқа моральдық немесе материалдық зиян келтіретін әрекеттер жасауға болмайды.

### **7. Мектептік дебат клубтарының қызметін басқару.**

Мектептік дебат клубтарын басқару жөніндегі басқарушы орган - облыстық департаменттер (қаланың, ауданның) өңірлердегі мектептік дебат клубтарының қызметін үйлестіру мақсатында құрылған өңірлік дебат клубы.

7.1. Өңірлік (мектепшілік, аудандық, қалалық) (республикалық деңгейде қалалар үшін) деңгейінде өтетін мерзімі: (қыркүйек-сәуір).

7.2. Облыстық (мектепшілік, аудандық, қалалық, (республикалық деңгейде қалалар үшін) жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары ұйымдастырушылар болып табылады.

### **7.3. Өңірлік дебат клубының міндеттері:**

өңірдегі мектеп дебат клубтарының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселелерін шешу;

мектептік дебат клубтарын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау;

мектептік дебат клубтарының заңды түрде жұмыс істеуін бақылау, сондай-ақ пікірсайыстар мен негізгі ережелердің негізгі принциптерін сақтау;

мектептік дебат клубтарының тиімділігін арттыру бойынша қажетті шараларды әзірлеу;

өңірлік ойындар, турнирлер үшін тақырыптарды таңдау және бекіту;

мектептік дебат клубтары үшін өткізілетін барлық жарыстарда төрешілікті ұйымдастыру және өткізу;

білім мен дағдыларды алмасу жүйесін құру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

өңірлік турнирлерді, ойындарды өткізу туралы сұрақтарды шешу;

турнирлерді өткізу және негізгі қызметті ұйымдастыру үшін қажетті қаржыландыру көздерін тарту мәселелерін шешу;

халықаралық деңгейлерде, республикалық, өңірлік турнирлерде, мектеп дебат клубтарының командаларын ұсыну.

## **3-қосымша**

### **Турнирдің өңірлік (мектепшілік, аудандық (қалалық), өңірлік) кезеңдері үшін дебат тақырыбы**

#### **1. Патриоттық тәрбие**

- 1) әскери қызмет көрсету шартқа негізделуі керек;
- 2) жалпы әскери міндетті алынып тасталуы керек;
- 3) терроризм - қоғамға қауіп төндіреді;
- 4) қазақ менталитеті: қарапайымдылық немесе сенімсіздік?
- 5) «Иә, біздің заманымызда адамдар болған ...» аға ұрпақтың мысалдары бүгін біз үшін жарамсыз;

6) патриотизмнің жоғары деңгейі - ұлттың жоғары бәсекеге қабілеттілігінің кепілі;

7) патриотизм - бұл уақытқа бағынбайтын ұғым;

8) білімді болу - патриотизм деп саналады;

9) жастар өздері тұратын жердің тарихын білуі керек;

10) Қазақстандағы туризм: үрдіс немесе төмен қызығушылығы?

11) цифрландыру тек ірі қалаларды қамтиды;

13) Отандық жалпы адами құндылық;

14) Қазақстанның патриотизмі - аңыз немесе шындық па?

15) азамат: адамның құқығы немесе міндеті ме?

## **2. Рухани- адамгершілік тәрбие**

1) жас болу (заманауи) оңай ма?

2) қазіргі қоғамда денің сау болу (тәрбиелі, білімді, «керемет») сәнді;

3) ауылға қарағанда, үлкен қалада тұрған жақсы;

4) бай елдер кедей мемлекеттерге көмектесуі тиіс;

5) жазалау емес кешірім керек;

6) өнеге мәдениетке тәуелді;

7) ерлер мен әйелдер кез-келген жұмысты орындау үшін тең құқылы;

9) жануарларды ғылыми зерттеулерде қолдану жат қылық;

10) теледидардың біздің қоғамымызға зиянды әсер етеді;

11) компьютерлік ойындар тұлғаны дамытады;

12) жастар арасында ғылым кең таралған;

13) туған елде тұрып, жұмыс істеу – дарынды жастардың таңдауы;

14) қалаймын – болмайды – керек;

15) ҰБТ түлектер үшін емес ЖОО тиімді;

16) ақша – өмірдің мақсаты ма, әлде мақсатқа жетудегі құрал ма;

17) қолынан іс келетіндер – жасайды, келмейтіндер – ақыл айтады;

18) әлеуметтік желі көзбе көз шынайы араласуды алмастырады;

19) жастардың желідегі өмірі: онлайн және офлайн;

20) менің Құдайым – менің ар-ұятым;

21) әлем танымал;

22) балалар ұйымдары – тұлғаны тәрбиелеудегі ең жақсы жол;

23) жемқорлық мемлекеттің тұрақтылығына алып келеді;

24) ғаламторға тиім салу керек;

25) ғаламторды тегін қылу керек.

26) атомдық электростанциялар болу керек!

27) мемлекетке өлім жазасы керек.

28) БАҚ –мемлекеттің қатаң бақылауында болу керек;

29) тектілік тәрбиеден жоғары;

30) ғылыми зерттеулерде жануарларды қолдану дәлелденген.

## **3. Құқықтық және көп мәдениеттілік тәрбиесі**

1) мектептегі баланың құқықтары;

2) Қазақстандағы балалардың құқытарының сақталуы;

3) ата-аналар балаларының жеке күнделік және жеке хат алмасу құқығын қозғау керек;

- 4) балаларды керек емес ақпараттан қорғау керек;
- 2) білім алу – ол әрбір азаматтың құқығы немесе ақылы қызмет пе?
- 3) мектеп киімін енгізу ақталды ма;
- 4) жоғарғы сыныптардағы оқу кәсіптік болуы керек;
- 5) ұлдар мен қыздардың білім алуы бөлек болуы тиіс;
- 6) орта мектептің жоғарғы сынып оқушылары оқу жоспарын өздері таңдауға құқылы;
- 7) баға қою оқушыларды бағалаудың тиімді жолы;
- 8) біздің мектептерде оқытылуға тиіс маңызды пән – әлеуметтік жауапкершілік;
- 9) орта мектеп оқушыларды шынайы өмірге дайындайды;
- 10) мұғалімдер оқытушы машиналармен алмастырылмайды;
- 11) күнделікті тәжірибиеде қолданылмайтын заңдар мен түсініктерді мектеп бағдарламасында қалдыру керек;
- 12) мектепте жаза қолдану ақталған шара ма;
- 13) ЖОО және колледждерге қабылдау емтихандарының күшін жою мүмкін емес;
- 14) көп білу пайдалы;
- 15) мемлекет әрбір баланы тегін оқыту керек;
- 16) қылмыстық мінез-құлық биологиялық тұрғыдан анықталған;
- 17) таңдау еркіндігі мен сайлаушы міндеті: оларды қалай біріктіруге болады?
- 18) гендік инженерия әдепсіз болып табылады;
- 19) демократиялық өзгерістер азаматтық құқықтық сана сезімсіз мүмкін емес;
- 20) адамды клондауға тиым салынуы керек;
- 21) кітаптар, спектакльдер, фильмдер сынға ұшырау керек;
- 22) сайлау құқығындағы жас шамасын азайту керек;
- 23) ақша тілі бәріне мәлім;
- 24) ғылыми-техникалық өрлеу – ол жақсылық па жамандық па?
- 25) жаһандану: қолдаймыз және қарсымыз;
- 26) демократия - саяси құрылыс ретінде: артықшылығы мен кемшіліктері;
- 27) әлеуметтік өзгерістерге тек қана революция арқылы жетеміз;
- 28) азаматтық қоғамды құру қиял болып табылады;
- 29) тарих бізді ешнәрсеге үйретпейді;
- 30) АҚШ – бұл керемет мұраттар;
- 31) балалардың да құқығы бар;
- 32) Қазақстандағы адам құқығының сақталуы;
- 33) ынталандыру немесе жазалау;
- 34) коменданттық сағат балаларды жағымсыз жағдайлардан қорғайды;
- 35) жарнама берушілер қоғам үшін пайдалы қызмет етуде;
- 36) эвтаназия өзін ақтайды;
- 37) теледидар мен баспасөзге ақпарат жариялағанда құлақ түрерлік жаңалықтар керек;
- 38) көші-қонды шектеу өзін ақтайды;

39) БҰН бар;

40) өшпенділік тұрғысындағы қылмыс айыпсыз деп ақталады;

41) жазалаудың заманауи әдістері жетілдірілмеген;

42) сырттай жоғары білім алу жөнсіз.

#### **4. Экологиялық тәрбие**

1) қала экологиясы: қала тұрғындарының немесе арнайы ұйымдардың мәселесі ме?

2) прогресс шегініске әкеледі;

3) атом электростанциялары: пайдасы мен зияны?

4) туризмнің қоғамға тигізер пайдасынан кесірі көбірек;

5) жаһандық жылыну – адамзат әрекетінің қорытындысы

6) гендік инженерия: жақсы ма жаман ба?

7) экологияны сақтауда жаңа технологиялар тиімсіз;

8) тазалық сенбіліктері мәжбүрлеумен өтеді;

9) ауыл аймақтарының тұрғындарына қарағанда, қала тұрғындары табиғатқа зор ықыласпен қарайды;

10) көп кешікпей адамзат таза ауаның тапшылығына ұшырайды.

#### **5. Эстетикалық тәрбие**

1) замануи өнердің еш мағынасы жоқ және жаман күйде;

2) эстетикалық тәрбие тек қыздар үшін;

3) театрға бару іш пыстырарлық және қызықсыз;

4) өнер туындыларын бағалауды үйрену оңай;

5) тұрмыстық эстетика: шығармашылық аласапыран немесе тазалық пен тәртіп пе?

6) қабілетсіз музыкалық және көркем өнер мектептеріне бару - пайдасыз;

7) әдемі киім жақсы көңіл күйдің кепілі;

8) жастардың эстетикалық талғамдары Батысқа тәуелді;

9) біздің ұлттық киім нақыштағы элементтерден тұру керек;

10) айналаңнан тек әдемілік көру: аңыз немесе шыңдық па?

#### **6. Отбасылық тәрбие**

1) ата-аналар өз балаларының қылмысына жауапкершілік алуы керек;

2) жасөспірімдердің қылмыскер болуына кім кінәлі: балалар немесе ересектер?

3) қазіргі заманда адамдарды тек көп қаражат табу қызықтырады;

4) балалар өз ата-аналарынан ақылдырақ;

5) отбасы – қоғам бөлшегі;

6) «егер адам қай айлаққа жол тартқанын білмесе, оған бірде-бір кемеңнің желі де оңынан тұрмайды» (Сенека);

7) «әкелер мен балалар» мәселесінің шешімі бар;

8) отбасы – әркімнің өз ісі;

9) ата-ана баланың досы емес;

10) қазіргі таңда толық емес отбасы қоғамның бір бөлшегіне айналды;

11) ата-аналардың жұмысбастылығы бала тәрбиесінде қиыншылықтарға әкеліп соқтырады;

12) әлеуметтік желі балалармен ата-аналардың арақатынасын үзеді;

- 13) отбасыдағы балалар тәрбиесімен негізінде тек аналар айналысады;
- 14) жұмысбасты ата-аналар балаларының жарқын болашағын қамтамасыз ете ала ма?

15) ата-анаға «Сіз» деу керек пе.

### **7. Кәсіби – шығармашылық тәрбие**

- 1) мамандық таңдау: ақша немесе жан азығы үшін бе;
- 2) мамандықтардағы стереотиптер көмектесе ме;
- 3) болашақ мамандықты таңдау адам тағдырына байланысты;
- 4) мамандық – бұл өзіңнің немесе басқалардың игілігі үшін еңбек ету;
- 5) болашақ мамандық туралы мектеп табалдырығынан бастап ойлау керек;
- 6) мектепте кәсібибағдар курсы керек;
- 7) барлық мамандықтар керек - барлық мамандықтар маңызды;
- 8) мамандықтар жайлы өз ойым бар және сіздің де ойыңыз мен үшін маңызды.
- 9) не маңызды: бір істің майталманы болу немесе жан жақты маман болу?
- 10) беделді жұмыс немесе беделсіз сүйікті іс жақсы ма?
- 12) барлық адамдардың шығармашылық қабілеттері бар;
- 13) сүйікті іс мамандыққа ұласуы мүмкін;
- 14) өз қабілетімізге қарай мамандық тандаймыз;
- 15) кәсібибағдар отбасының немесе мектептің міндеті ме?

### **8. Еңбек және экономикалық тәрбие**

- 1) кеңестік экономикалық үлгіні жоймай, реформалау керек еді;
- 2) экономика үнемді болу керек;
- 3) материалдық ынталандыруға қарағанда, мықтырақ ынталандыру бар;
- 4) мемлекеттің дамуына географиялық фактор шешуші ықпал етеді.
- 5) таза бизнес мүмкін емес;
- 6) ақша бәрін шешеді;
- 7) жұмыс істеу үшін өмір сүреміз;
- 8) балаларға ерте табыс табуды үйрету, олардың болашағы үшін маңызды;
- 9) сапа немесе сан үшін жұмыс істеу керек пе?
- 10) балаларды мемлекет экономикасы толғандыру керек па?

### **9. Физикалық тәрбие және салауатты өмір салтын ұстану**

- 1) медициналық қызмет көрету ақылы болуы керек;
- 2) қауіпті және жәбір көрсететін спорт түрлерін заңмен тиым салу керек;
- 3) спортта есірткіні қолдану шынайы жарыстың мәнін құртады;
- 4) интернет балалар үшін қауіпсіз;
- 5) замануи өмірде дұрыс тамақтануға көшу оңай;
- 6) салауатты өмір салтын ұстану және жастар үйлеспейтін түсінік;
- 7) балалар ғана емес, олардың ата-аналары да спортпен шұғылдануы керек;
- 8) Таңертеңгі жүгіру - тек ересек адамның белсенділігі;
- 9) спорттық денелі болу ауыр еңбек;
- 10) жастар газдалған сусындарға тәуелді;

11) компьютерлік ойындар денсаулыққа зиянды.

*4-қосымша*

## **Карл Поппер дебат форматы**

### **1 Дебат форматы**

Карл Поппер дебат бағдарламасы – ең оңай және бастаушы дебатшыларға арналған ең тиімді білім алу дебаттарының форматы.

1) Пайымдау және Жоққа шығару дебат командалары әрбір раундта бір команда берілген тақырыпты қолдайды, ал қарсы команда теріске шығарады.

2) Соңғы екі аналитикалық сөзден басқа, әрбір сөз сөйлеуден кейін, спикерлерге қарама қарсы командалар сұрақ қояды (қарама қарсы сұрақтар раунды немесе қарама қарсы тергеу).

### **2. Регламент. Команда Б (бекітуші), Т (терістеуші)**

1) Б1 – 6 минут –команданы таныстыру, тақырыптың өзектілігі, негізгі түсініктерді түсіндіру, ойларын алдыға тарту (ойын, бірақ аспектілермен де жүргізіледі) –команданың негізгі құндылықтары – команданың барлық дәлелдерін көрсетіп қысқаша мәлімдеме.

Т3 – 3 минут – қарама қарсы тергеу Б1.

2) Т1 – 6 минут – команданы таныстыру, берілген түсініктер бойынша команданың өз ойын білдіру (келісім), өлшемдер мен аспектілерді қабылдау-қабылдамау, дәлелдерге шабуыл. Бекіту, қарама қарсы сұрақтар раундының қортыныдысын шығару, сонымен қатар Терістеудің қысқаша дәлелдерін анықтап ашу.

Б3 – 3 минут – қарама қарсы тергеу Т1.

3) Б2 – 5 минут – Бекіту ұстанымын қайта құру, қарама қарсы сұрақтар раундының қортыныдысын шығару, дәлелдерге шабуыл Терістеуші және өз кейстерін толық ашу.

Т1 – 3 минут – қарама қарсы тергеу Б2.

4) Т2 – 5 минут – Бекіту, қарама қарсы сұрақтар раундының қортыныдысын шығару, Терістеу ұстанымын қайта құру, Бекіту кейсіне шабуыл және өз кейстерін толық ашу.

Б1 – 3 минут – қарама қарсы тергеу Т2.

5) Б3 – 5 минут – ойын сараптамасы: түйісу нүктелерін және ойлардың қақтығысын анықтау, дебаттың түйін сәттеріне екпін беру, түсіндіру, Бекіту дәлелдерінің неге дәлелдірек екенін анықтау. Сөз сөйлеп болған соң Спикерге сұрақ қойылмайды.

6) Т3 – 5 минут – Терістеудің соңғы сөзі, ұқсас: ойын сараптамасы.

Әрбір командада дайындыққа жалпы 8 минут уақыты (тайм-аут) бар, бірақ ережеге сәйкес раундта 2 минуттан жоғары уақыт алуға болмайды. Аз дегенде 15-30 секунд алуға болады, уақыт артылып пайдаланбай қалмас үшін оны ұзартуға болады.



7) Толық форматтың Регламенты кейбір кездерде сөз сөйлеуге байланысты қысқартылады (әсіресе дайындық ойындарында (көбіне сөз сөйлеу уақыты 5 минутке дейін қысқартылады – Б(Т)1 и 4 минут – Б(Т)2,3)).

### **3. Формат төрелігі.**

1) төрешінің дебаттағы ақтық шешімі нақты;  
2) ереженің бұзылуы (төрешінің шешіміне қарай) спикерлердің ұпай сандарының азайтылуына немесе команданың дебат раундтарында жеңілгендігі болып табылады;

3) қатаң түрдегі ойынның бұзылуы, жазалау шешімі қабылдануға дейін барады, төреші Турнирдің бас төрағасымен кеңеседі;

4) бас төреші немесе онымен құрылған комиссия командаға жаза қабылдайды, команданы немесе ойыншыны турнирдан шығарып жібере алады;

5) төрешілер шешімді ауыстырмайды, бірыңғай жағдай ретінде ашық немесе қасақана өтірік айту – бұл жағдайда бас төраға ойын төрешісінің шешімін өзгерте алады, егерде шешім келесі раунд басталғанға дейін өзгертілсе.

## **5 қосымша**

### **Дебаттардың дүниежүзілік мектептік форматы (WSDF)**

#### **1. Жалпы ережелер**

##### **Дебат форматы.**

1) Дебатта 3 адамнан (Спикерлер деп аталатын) тұратын 2 команда, таймкипер, сонымен қатар Төрешілер алқасы қатысады.

2) Командалар келесі Ойыншылардан тұрады:

пайымдау командасы (немесе «Үкімет» командасы) – пайымдау командасының бірінші спикері, бпайымдау командасының екінші спикері, пайымдау командасының үшінші спикері.

Жоққа шығару командасы (немесе «Қарсылас» командасы) – жоққа шығару командасының бірінші спикері, терістеу командасының екінші спикері, жоққа шығару командасының үшінші спикері.

3) Ойыншылардың сөз сөйлеу кезегі:

пайымдау командасы (немесе «Үкімет» командасы) - пайымдау командасының бірінші спикері;

жоққа шығару командасының бірінші спикері;

пайымдау командасының екінші спикері;

жоққа шығару командасының екінші спикері;

пайымдау командасының үшінші спикері;

жоққа шығару командасының үшінші спикері;

жоққа шығару командасының қорытындылау сөзі (терістеу командасының бірінші немесе екінші спикері сөйлейді);

пайымдау командасының қорытындылау сөзі (пайымдау командасының бірінші немесе екінші спикері сөйлейді).

4) Пікірталас барысында ойыншылар сөз сөйлеуі керек, сондай-ақ қарсыластарға сөз сөйлеген уақытта ақпараттық сұраныстар беру. Ойын барысында Ойыншылардың кез-келген басқа сөз сөйлеуіне тыйым салынған.

## **2. Ойыншылардың рөлі.**

1) Команданың бірінші спикерлері Пайымдау: 100% сөз – жаңа материал – кейс. Жоққа шығару: 80% сөз – жаңа материал (жоққа шығарудың конструктивтік кейсі), 20% сөз – қарсыластардың кейсін теріске шығару.

## **3. Дебат тақырыбын интерпретациялау.**

1) «Дәлелдерді бөлу» (қай дәлелдерді бірінші енгізу, қайсысын екінші спикерді). Өз команданың кейсінің үлкен/негізгі бөлігі. Сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұранысқа жауаптары.

2) Терістеу жағы үшін: теріс дәлелдерді ұсыну (саны көп).

3) Команданың екінші спикерлері:

25-50% (жағдаяттық қатынасы, дебаттық тарапқа байланысты);  
жаңа дәлелдер (кейстің 1/3 бөлігі);

50-75% – қарсыластың бұрынғы сөздерін жоққа шығару;

Түйіндемеден бастау: не туралы пікірлесеміз және мен не істеймін?

қарсыласының аргументтерін жоққа шығару (40% дейін пайымдау уақыты, 50% дейін жоққа шығару уақыты), командалық желіні ұмытпау;

жаңа дәлелдер енгізу (60% дейін пайымдау уақыты және 50% дейін жоққа шығару уақытынан);

сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұранысқа жауаптары.

3) Команданың үшінші спикерлері:

Жаңа материал 0% – жаңа дәлелдер жоқ (БІРАҚ: кейстің келтірілген дәлелдерін қолдауға және жаңа мысалдарды қолдануға болады!);

қарсыластардың дәлелдерге жауаптары (60-75% уақыт);

өз командасының бастапқы кейсін қалпына келтіру, командалық желіні ұмытпау; (25-40% уақыт);

сөйлеу барысында қарсыластардың ақпараттық сұранысқа жауаптары.

4) Командалардың қорытынды сөздері:

Жаңа материал 0%. Жаңа дәлелдер, мысалдар, фактілер енгізу мүмкін емес;

өткен ойынға талдау, өз командасы ойынының жақсы қырларын көрсетуге тырысып, қарсыласудың негізгі бағыттарын айқындайды;

Қарсыластардың ақпараттық сұраныстарына жауап бермейді, бұл сөз сөйлеуде сұрақ қойылмайды.

5) Резолюция.

резолюция – бұл қисынға келтірілген «Бұл Палата ....» сөзінен басталатын дебаттардың тақырыбы;

резолюцияны мүмкін емес ықтимал екіұштылықты болдырмау үшін қисынға келтіру керек.

6) Резолюция.

дайындалған раундтар үшін резолюция турнирдің басталуына ең кемі бір ай бұрын хабарлануы керек;

импровизацияланған раундтар үшін резолюция турнирдің басталуына ең кемі 25 минут бұрын хабарлануы керек;

командалар турнирге оның ресми басталуына дейін бес минуттан кешікпей келулері керек;

Ойыншыларға дебатқа дайындық кезінде және ойын кезінде баспа және жазбаша материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі. Электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

б) Ақпараттық сұраныстар.

ақпараттық сұраныстар спикерге сұрақтар түрінде немесе оның сөзіне түсініктеме түрінде беріледі;

ақпараттық сұраныстар қарсыластар тарапынан ғана жіберіледі;

ақпараттық сұраныстар сөз сөйлеушінің сөйлеуінің тек бірінші және соңғы минуттар аралығында жіберілуі мүмкін;

ақпараттық сұраныс беру үшін Ойыншы тұруы керек, бір қолын сөз сөйлеуші бағытына қарай созып, екіншісін бастың артына қою керек. Ойыншы сондай-ақ: сөйлеушінің назарын аудару үшін «сұрақ», «пікір» деп сөз айтуға;

ақпараттық сұраныстар 15 секундтан артық созылмайды және бұрынғы ақпараттық сұраныстан кейін 15 секундтан артық жіберілмейді;

Ойыншы оған берілген ақпараттық сұранысты қабылдайды немесе қабылдамайды. Ойыншы, сондай-ақ ақпараттық сұраныс жіберген қарсыластың сұранысын ой-пікірін немесе сөйлеу бөлігін аяқтағанға дейін біраз уақытқа кейінге қалдыруға рұқсат сұрайды.

7) Сөз сөйлеу ұзақтығы.

Бірінші алты сөз сөйлеу ұзақтығы - 6 минут. Қорытынды сөздің ұзақтығы - 3 минут. Кез келген сөз сөйлеудің ұзақтығы белгіленген 30 секунд мерзімінен артық болса, оны тоқтату керек.

**4. Уақыт тәртібі.**

Сөз сөйлеу барысында уақыт тәртібінің сақталуын тайм-кипер бақылайды. Тайм-кипер болмаған жағдайда оның міндеттерін төреші атқарады.

**5. Төрешілік (ұйымдастыру жиналысы).**

Дебатты бір, екі немесе үш Төреші алқасы төрелік етуі тиіс.

1) Ең тәжірибелі Төреші қазылар алқасының жетекшісі болып тағайындалады және бірқатар арнайы өкілеттіктерге ие болады.

2) Дебаттар аяқталуы бойынша Төрешілер раунд аяқталғаннан кейін 10 минут ішінде өздерінің ойыншылар мен командалардың жеке шешімдері мен балдарын жариялауға тиіс, сондай-ақ Төрешілердің саны тақ болған жағдайда жеңімпазды жариялайды.

3) Ауызша талдау немесе кері байланыс раундтың соңында жүргізіледі, онда төреші бұндай шешімнің неге қабылданғанын түсіндіреді

**6. Түсіндіру.** Түсіндіру (Дефиниция) – бұл дебат тақырыбын (ойын алаңы) нақты анықтау мақсатында, резолюция мәтінінде қамтылған тұжырымдамалар мен анықтамалар мазмұнын нақтылау.

1) Бекітуші команданың бірінші спикері өзінің конструктивті сөздерінің басында, сондай-ақ ойын барысында түсініктеме беруі керек

2) Түсіндірмеде резолюциямен айқын логикалық байланыс болуы керек. Егер мұндай байланыс болмаса, бұл «тақырыптың алмасуы» деп аталады және Ереженің бұзылуы болып саналады.

3) Түсіндірме әділ болуы керек: егер дебаттың тақырыбы кез-келген тезис болса, онда ол өзін-өзі арандатушы болмауы керек. Егер дебат тақырыбы жоспардың механизмі немесе заң жобасы болса, онда ол кво мәртебелігін (ісестердің қазіргі жағдайы) өзгертуі тиіс.

4) Түсіндірме жалған кеңістіктік немесе географиялық анықтамадан тұрмауы тиіс, яғни, тақырыпты талқылауда басқа да дебатқа қатысушылардың жеткілікті білімі жоқ белгілі бір жерге тарылтуға болмайды.